



**Мұрат  
ЖУНІСҰЛЫ**

**Ы.Алтынсарин атындағы  
Арқалық педагогикалық  
институтының  
мәжіліс залында  
«Рухани жаңғыру»  
бағдарламасы негізінде  
ұлы ағартушының  
180 жылдығына орай  
«Ыбырай Алтынсариннің  
ағартушылық тәғылымы»  
атты республикалық  
ғылыми - танымдық  
дөңгелек үстел өткізілді.**

Іс-шараның мақсаты – Ы.Алтынсариннің ұлтқа жасаған еңбекін насиҳаттау, студент жастарға ұлт зияллылары туралы түсіндіру

жұмыстарын жүргізу, енбекін талдау.

Дөңгелек үстелде Қостанай қаласынан А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өнірлік университетіндегі Ахмет Байтұрсынұлы музейінің менгерушісі, профессор Қалқаман Жақып, ыбырайтанушы-ғалым, ф.ғ.к. Серікбай Оспанұлы, облыстық Ы.Алтынсарин мемориалдық музейінің ғылыми қызметкері Шынар Досмагамбетова, Нұр-Сұлтан қаласынан Ы.Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясының вице-президенті Нұрбек Пұсырманов, Жангелдин ауданынан «Торғай мұражайлар кешенінің» басшысы Гүлбану Сәрсекей, Арқалық қаласынан Ы.Алтынсарин атындағы гимназияның тарих

пәннің мұғалімі Сәния Рахимова, Даға өлкесі тарихы облыстық музейінің ғылыми қызметкері Батырдан Сагынтаев, Арқалық педагогикалық институтының доценті, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңессінің директоры Роман Аймағамбетұлы, институттың «Алтынсарин музейінің» маманы Қаламқас Шорманова ағартушы тұлғанын өмірбаяны, қоғамдық-сақын қызметі, шыгармашылық енбектері туралы бүрән айттылмаған тың ойларын, үсінисстарын бөлісті.

Пікірталасқа қатысқан Амангелді аудандық мемориалдық музейінің бас қор сактаушысы Кәмшат Эбжанова, Даға өлкесі тарихы облыстық музейінің директоры Асхат Қасенов, институттың



«Жаратылыстану жөне акпаратандыру» факультетінің деканы Ф.М.Е.к. профессор Әбілхан Үмбетовтер өз ойларын ортаға салып, талданып отырған мәселенің ұлт

балашағы үшін маңыздылығына токтатып өтті.

Арқалық қаласы.